



● «Дөңгелек үстел»

## «ШЫМКЕНТКЕ 2200 ЖЫЛ ТОЛҒАНЫНА КҮМӘНІМІЗ ЖОҚ»

### Тарихшылар мен шаһар жастары осылай дейді

Шымкент қаласының 2200 жылдан астам тарихы бар екеніне ешкім күмән келтіре алмайды. М.Әуезов атындағы ОКМУ-дің мәжіліс залында өткен «Ғасырлар тоғысындағы қала» атты «дөңгелек үстел» мәжілісінде тарихшылар осылай деді. Ғалымдар мен әкіметшілер, ел ағалары мен жастар қатысқан басқосуды «Шымкент жастары» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырды.

Алғашқы болып сөз алған М.Әуезов атындағы ОКМУ ректоры, техника ғылымдарының докторы Жұмахан Мірхалықов Шымкент қаласының тарихы тереңде жатқаны және болашағы жарқын екенін атап өтті.

— Былтыр университетімізде Шымкент қаласының жасын анықтау мақсатында халықаралық ғылыми конференция өткен. Сол жиында Канада, Италия, Өзбекстан және өзге елдердің тарихшылары, ғылымдарының облыс орталығының 22 ғасырдан астам тарихы бар екенін айтты. Дәлелдерін ұсынды. Алдағы уақытта ЮНЕСКО тарапынан да қолдау табады деген сенім бар. Сүйікті қаламыз жылдан-жылға көркейіп келеді. Жаңа ғимараттар саны артуда. Жуырда облыс әкімі Бейбіт Атамқұлов университетіміздің ғалымдарына қаланың бас жоспарына, оны көгалдандыру, көркейту жұмыстарына үлес қосу жөнінде тапсырма берді. 100 гектар жер бөлі. Енді ғалымдарымыз бен студенттеріміз қаланың жер қыртысын зерттейді, өсімдіктерді бұдандастыру, жоғары сұрыпты өсімдіктер алу бағытындағы зерттеулерін жүргізеді. Бұл да қаланың дамуына серпін беретіні сөзсіз, — деді ол.

Жиында Шымкент қалалық ішкі саясат бөліміне қарасты «Шымкент жастары» мекемесі дайындаған бейнеролик көрсетілді. Қазақ хандығының 550 жылдығына арнайы өзірленген дүние көпшілікке ой салды. Одан кейін Оңтүстік Қазақстан инженерлік-педагогикалық халықтар достығы университетінің үздік тарихшы-ұстаздарының бірі Қайрат Анарбаев баяндама жасады.

— Шымкент қаласы туралы ауқымды зерттеулер аса көп болмағандықтан орыс отаршылығы кезіндегі біраз деректерге сүйенетін едік. Дегенмен, негізгі дерек көзі ретінде Шарафаддиннің тарихи жазбалары ғылыми айналымға пнықты. Онда осыдан 22 ғасырдай уақыт

бұрынғы Нұджикент қадасы туралы айтылады. Қытайдың атақты саяхатшысы Сюань Цзанның жазбаларында да осы Нұджикент атауы кездеседі. Міне, сол қала — өзіміздің Шымкент. Соңғы жылдары С.Жолдасов, В.Полушкин және Б.Байтанаев сынды азаматтар шаһар туралы көптеген тың мәліметтер тапты. Зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады. Шымкент еліміздегі ең көне қалалардың бірі екені анық. Оның ежелгі адамдардың қонысы болған Қаратауға жақын орналасуы да сөзімізді растай түседі. 1915 жылы Шымкентке теміржолдың тартылуы оның экономикалық өлеуетін көтерді. Бір ғасыр бұрын тұрғызылған сантонин зауыты да бір тарих. 1897 жылы жүргізілген санақта Шымкентте 11194 тұрғын бар екені анықталған. Араға бір ғасырдан астам уақыт салып бұл көрсеткіш 1 миллионға жақындап қалды. Бірақ қалада тіркелмегендерді қосқанда қазірдің өзінде миллионнан асатынымыз анық. Бұл шырайлы шаһарымыздың күн санап өсіп-өркендеп келе жатқанының белгісі, — деді ол.

Белгілі тарихшы Дүйсенбек Тапалов Шымкент қаласының тарихы 2200 жылдан да арыда болуы мүмкін екеніне тоқталды.

— Түркі халықтарының аңыздарында Алып Ер Тонғаның (Афрасиаб) бірнеше қала салғаны айтылады. Олардың қатарында Шымкенттің де болуы ғажап емес. Сақ тайпасының даңқты батырларының бірі өмір сүрген кезеңді есептейтін болсақ, бұл шаһардың тарихын 2200 жылдан емес, оған 500 жыл қосып бастауға негіз бар. Әрине, бұл үлкен зерттеулерді қажет етеді. Дегенмен, Шымкенттің 22 ғасырдан астам тарихы бар екені еш күмән туғызбайды, — деді ғалым.

«Дөңгелек үстел» мәжілісінде Қазақстанның құрметті журналисі Байдулла Қонысбек пен өскери білім саласының ардагері Ұлықпан Бөшенов бастаған ел ағалары өз ойларымен бөлісті. Жастар атынан сөз алған Абзал Үбелтаев пен Азамат Рахимов қаланың тарихын білу, оның жарқын болашағы үшін еңбек ету осындағы жас мамандарға да ортақ міндет екенін жеткізді.

Рахит САПАРБЕКОВ.

